

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардағы арнайы көлік құралдарының тиістілік нормативтерін белгілеу және олардың құзыретіне жатқызылған қызмет салалары бойынша автокөлікті арнайы көлік құралдарына жатқызу өлшемдерін айқындау туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 6 қыркүйектегі № 681 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 29 қыркүйекте № 15823 болып тіркелді

"Акцияларының бақылау пакеттері мемлекетке тиесілі мемлекеттік кәсіпорындарды , акционерлік қоғамдарды және олардағы мемлекеттік қатысу үлестерінің мөлшері қатысушылардың жалпы жиналысының шешімін анықтауға мемлекетке мүмкіндік беретін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді оңтайландыру мақсатымен олардың әкімшілік шығыстарының мониторингін жүргізу тетігін анықтау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 10 ақпандағы № 145 қаулысының 1-4-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың арнайы көлік құралдарының тиістілік нормативтері белгіленсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес олардың құзыретіне жатқызылған қызмет салалары бойынша автокөлікті арнайы көлік құралдарына жатқызу өлшемдері айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың басшылары осы бұйрықпен белгіленген көлік құралдарын арнайы көлік құралдары ретінде облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Ішкі істер департаментінің Әкімшілік полиция басқармасының тіркеу-емтихан пункттерінде 2017 жылғы 1 қарашаға дейін тіркеу бойынша шараларды қабылдасын және 2017 жылғы 5 қарашаға дейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігін хабардар етсін.

4. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және активтер департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмесін ресми

жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы жөніндегі мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Мемлекеттік сатып алу және активтер департаментіне жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі

Е. Біртанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

\_\_\_\_\_ Б. Сұлтанов

2017 жылғы 6 қыркүйек

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2017 жылғы 6 қыркүйектегі  
№ 681 бұйрығына  
1-қосымша

## Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың арнайы автокөлік құралдарының тиістілік нормативтері

Тағайындалуы	
Пациенттерге шұғыл көмек көрсету,	Бұрмаланған/контрофактілік, сапасыз дәрілік заттарды анықтау, қоршаған орта факторларын, шуды, электромагниттік сәулеленуді, ауаның ластануын
	Қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдау және шығару,
	қызметкерле және медициналы

№	Ұйымның атауы	консультациялық-диагностикалық көмек көрсету мақсатында пациенттерді басқа медициналық ұйымдарға тасымалдау, қаланың әртүрлі бөлігінде орналасқан бір бөлімшеден басқа бөлімшеге пациентті жеткізу үшін	Медициналық ұйымдарға қан және оның компоненттерін жедел жеткізу үшін	бағалау, туберкулезді және кеуде к у ы с ы ағзаларының басқа да ауруларын ерте анықтау мақсатында халықты жаппай рентген зерттеп-қарау жүргізу, шығу жағдайында донорлық қан алу үшін	с ұ й ы қ қалдықтарды алу және жою, аумақты жинау, жүктерді тасымалдау үшін	ұйымдарда оқитын студенттерді тасымалдау үшін (автобустар және шағы автобустар)
1	"Травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	4			3	1
2	"Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	2			1	1
3	"Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	2				
4	"Акушерлік, гинекология және перинатология ғылыми орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	4				

5	"Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медициналық университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	3			4	
6	"Семей қаласының мемлекеттік медицина университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	3			4	1
7	"Қарағанды мемлекеттік медицина университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	1		1	2	1
8	"С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	3			7	3
9	"Трансфузиология ғылыми-өндірістік орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны		7	2	1	
10	"Республикалық санитариялық авиация орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы	5				

	республикалық мемлекеттік кәсіпорны				
11	"Дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны		2		1
12	"Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	2	1		1
13	"Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны	4		1	
14	"Республикалық психикалық денсаулық ғылыми-практикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны			2	2
15	"Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны		1	1	1
	"Қазақстан Республикасының Ұлттық фтизиопульмонология ғылыми орталығы"				

16	шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	3				1	4
17	"Бурабай" республикалық оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	4				9	4
18	"Отан соғысының мүгедектеріне арналған орталық клиникалық госпиталь" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	1					1
19	"Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық госпиталь" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны	1				1	2
20	"Республикалық қан орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны		2	1		1	2

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2017 жылғы 6 қыркүйектегі  
№ 681 бұйрығына  
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының құзыретіне жатқызылған қызмет салалары бойынша автокөлікті арнайы көлік құралдарына жатқызу өлшемдері**

## **1. Пациенттерге шұғыл көмек көрсетуге, консультациялық-диагностикалық көмек көрсету мақсатында басқа медициналық ұйымдарға пациенттерді тасымалдауға, қаланың әртүрлі бөлігінде орналасқан бір бөлімшеден басқа бөлімшеге пациентті жеткізуге арналған арнайы көлік құралы**

1. Медициналық жабдықтармен жарақтандыру: өкпені жасанды желдету құрылғысы , 2 литрлік баллонымен оттегілік редуктор-ингалятор, қабылдау құрылғысы;
2. Науқасты тасымалдау үшін кушеткамен немесе шешілетін кресло зембілдері бар сырғытқы-арбамен жарақтандыру;
3. Алғашқы медициналық көмек көрсету үшін бикспен жарақтандыру;
4. Каркассыз зембілдермен жарақтандыру;
5. Жиналмалы көліктік шиналардың жиынтығымен жарақтандыру;
6. Фельдшерлік жинақпен жарақтандыру.

## **2. Медициналық ұйымдарға қан және оның компоненттерін жедел жеткізуге арналған арнайы көлік құралы**

1. Тоңазытқыш жабдығымен жарақтандыру;
2. Термоконтейнермен жарақтандыру.

## **3. Бұрмаланған/контрофактілік, сапасыз дәрілік заттарды анықтауға арналған арнайы көлік құралы - мобилдік экспресс зертхана**

1. Жақын инфрақызыл диапазонды шаң-, діріл- ылғалға төзімді спектрометрмен жарақтандыру.

## **4. Қоршаған орта факторларын, шуды, электромагниттік сәулеленуді, ауаның ластануын бағалауға арналған арнайы көлік құралы**

1. Көп функциялы дербес өңдегішпен жарақтандыру;
2. Бензиндік айнымалы ток генераторымен жарақтандыру;
3. Тоңазытқышпен жарақтандыру;
4. Жуғышы бар зертханалық үстелмен және приборларға арналған сөрелермен жарақтандыру;
5. Приборлармен (газ талдауыштар, шу-діріл өлшейтін жабдық және аппарат, электромагниттік айналаны өлшеуге, микроклиматтық параметрлерді өлшеуге, жарықтықты өлшеуге арналған аспаптар) жарақтандыру.

**5. Туберкулезді және кеуде қуысы ағзаларының басқа да ауруларын ерте анықтау мақсатында халықты жаппай рентген зерттеп-қарау жүргізуге арналған арнайы көлік құралы**

1. Рентгендік флюорографиялық жылжымалы цифрлық аппаратпен жарақтандыру.

**6. Шығу жағдайында донорлық қан алуға арналған арнайы көлік құралы**

1. Донорларға арналған креслолармен және кішкене үстелдермен жарақтандыру;
2. Биомиксерлермен жарақтандыру;
3. Дәнекерлегіштермен жарақтандыру;
4. Термоконтейнерлермен жарақтандыру.

**7. Қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдауға және шығаруға арналған арнайы көлік құралы**

1. Бүйір/артқы манипулятормен жарақтандыру;
2. Өз бетінше тиеу - түсіру құралдарымен жарақтандыру.

**8. Сұйық қалдықтарды алуға және жоюға арналған арнайы көлік құралы**

1. Жетекті сорғышпен жарақтандыру;
2. Қалдықтарға арналған сыйымдылықпен жарақтандыру;
3. Арнайы шлангісі бар қабылдайтын люкпен жарақтандыру;
4. Цистернамен жарақтандыру.

**9. Аумақты жинауға арналған арнайы көлік құралы**

1. Аспалы жабдықпен, қар тазалағышпен жарақтандыру;
2. Өз бетінше тиеу - түсіру құралдарымен жарақтандыру.

**10. Жүктерді тасымалдауға арналған арнайы көлік құралы**

1. Кузовпен жарақтандыру;
2. Тентпен жарақтандыру.

**11. Қызметкерлерді және медициналық ұйымдарда оқитын студенттерді тасымалдау үшін арнайы көлік құралы (автобустар және шағын автобустар)**

1. Адамдарды тасымалдауға арналған берік бекітелген отыратын орындармен (салонда 7 орыннан аса), тұтқалармен және терезелерде күнге қарсы құрылғылармен (



перделер немесе шыныларды күңгірттеу), сондай-ақ авариялық люктармен жарақтандыру.

2. Алғашқы медициналық көмек көрсету үшін бикспен жарақтандыру.

3. Салонды жылыту және суыту жүйелерімен жарақтандыру.

Ескертпе: Арнайы көлік құралдарына жоғарыда көрсетілген өлшемдердің бірі бар көлік құралдары жатқызылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ